

№5 тәжірибелік сабақ. Мемлекет және азаматтық қоғам

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Азаматтық қоғам – демократия дамуының көрсеткіші. Азаматтық қоғам институттарына үкіметтік емес ұйымдардан бөлек, саяси партиялар, еріктілер қозғалысы мен қайырымдылық қорлар да жататыны туралы студенттермен бірге талқылау. Азаматтық қоғам қалыптастыру үшін біздің тарапымыздан қандай іс әрекеттер керек екенін туралы пікір алмастыру.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Мемлекет шығу теориясын студенттер ашып талдай алады. Мемлекеттік басқару формаларын, мемлекеттің негізгі белгілері, мемлекеттің аумақтық құрылым түрлеріне түсініктеме бере алады. Дамымаған азаматтық қоғамсыз демократиялық, құқықтық мемлекет те жоқ екен түсінді. Азаматтық қоғам құрамын білді

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе лекция, пікір-талас.

Азаматтық қоғам – саяси үкіметке тәуелсіз жұмыс істейтін және оған ықпал жасауға қабілетті әлеуметтік қатынастар мен институттар жиынтығы; дербес жеке адамдар мен әлеуметтік субъектілер қоғамдастығы. Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеяларды қабылдау қашанда сұхбатты, яғни сұхбаттасушы жақтардың түрлі көзқарастарын және маңызды тепе-теңдігін білдіреді. Ешкім ешкімге өз түсінігін мойындатуды да, ешкім ешкімді дәлме-дәл қайталауды да мақсат етпейді. Идеялар белгілі қоғамның, әлеуметтік дамудың талаптарына сәйкес келетіндіктен қабыл алынады. Сондай идеялардың қатарына азаматтық қоғам идеясы жатады. Азаматтық қоғам туралы әр түрлі көзқарастар, әр түрлі бағдарлар бар. Қазірде азаматтық қоғамның жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Дегенмен әлемдік әлеуметтік-философиялық ғылымда бұл феноменді зерттеудің екі түрлі бабы бар. Біріншісі азаматтық қоғамды әлеуметтік әмбебап категория ретінде қарастырады. Бұл ұғымға олар мемлекетке, өкімет құрылымдарына қарама-қарсы қойылған қоғамдық қарым-қатынастардың бүкіл жиынтығын сыйғызады. Екіншілері азаматтық қоғам ұғымының мағынасына шынайы батыстық феноменді жатқызады да, оны буржуазиялық (нарықтық-демократиялық) қарым-қатынастардың қалыптасуымен байланыстырады. Азаматтық қоғам деп адамның жеке тұлғасының және бейресми, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың дамуына қолайлы жағдай туғызатын әлеуметтік тәртіп түрін айтады. Аталған мемлекеттік емес ұйымдардың іс-әрекеті арқылы ғана жеке адам социумның, әлеуметтің даму жолына әсерін тигізе алады. Сондықтан да азаматтық қоғамды коммуникацияның, қарым-қатынастың өзіндік ерекше формасы деп қарастырса да болғандай, себебі азаматтық қоғам арқылы мемлекет пен

азамат арасындағы сұхбат жүзеге асады. Азаматтық қоғам үкімет, билік құрылымдарынан тысқары жатқан әлеуметтік байланысты танытады. Азаматтық қоғам аса дамыған экономикалық, мәдени, саяси, құқықтық қарым-қатынастар болуын талап етеді. Егер біз мемлекетті билік институты, бақылау және жазалау көзі ретінде қарастыратын болсақ, онда азаматтық қоғамды оған қарама-қарсы құрылым ретінде абсолютті еркіндік — анархия деп түсіну дұрыс емес. Шындығында әлеуметтік біртұтастықты қалыптастыратын осы екі бөлік бірін-бірі толықтыра отырып өмір сүреді. Мемлекетсіз азаматтық қоғам жоқ. Онсыз ретсіздік, төртіпсіздік, хаос, ұйымдаспағандық, ыдырау ғана мүмкін. Және де, керісінше, дамымаған азаматтық қоғамсыз демократиялық, құқықтық мемлекет те жоқ, тек зорлық-зомбылық, басыбайлық, тирания ғана бар. Азаматтық қоғамның пайда болуын іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі азаматтың пайда болуымен байланыстыратын көзқарастар да жоқ емес. Азамат белгілі құқықтар мен міндеттерге ие болған іс-әрекет субъектісі. Азаматтық қоғамды осы тұрғыдан түсіндірудің бастамасы антикалық полис феноменімен байланысты.

Азаматтық қоғам - ол жеке тұлғаның негізгі құқықтыры мен еркіндіктері заң жүзінде қамтамасыз етілетін және саяси қорғалатын, мемлекеттен тыс қатынастар саласы үйлесімді дамыған қоғам. Оны ішкімемлекеттік қатынастардың дамуына ықпал жасайтын адамдар топтарының ұйымдасқан әрекеті ретінде де анықтауға болады. Қоғам мүдделеріне бағытталған азаматтық бастама азаматтық қоғамның маңызды белгісі болып табылады. Дамыған демократиялық мемлекеттер, сонымен қатар өркендеген азаматтық қоғамдар да болып табылады. Сонымен бірге азаматтық қоғамның дамуына бағытталған түрлі әлеуметтік топтардың немесе жеке азаматтардың бастамалары (азаматтық бастамалар аталынатын) мемлекет арқылы қабылданады және оны жетілдіре түседі. Дамушы және «өтпелі экономика» мемлекеттеріне жататын елдерде жағдай біршама басқаша. Соңғылары азаматтық бастамалар мемлекет құрылысының тікелей міндеттері шектерінен шығып кетуіне байланысты азаматтық бастамаларға күдікпен қарайды «Азаматтық қоғам» түсінігін Аристотель, Цицерон, Гроций, Т. Гоббс, Дж. Локк, Гегель, Маркс және т.б. ойшылдар қалыптастырған. Барлық ғалымдар азаматтық қоғамдағы негізгі идея ретінде адам идеясын таниды.

Азаматтық қоғам - адамгершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасы институттары мен қатынастарының жиынтығы, солардың көмегімен жеке тұлғалар мен топтардың мүдделері қанағаттандырылатын орта.

Азаматтық қоғамның құрылымына мыналар кіреді:

- мемлекеттік емес, әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен институттар (меншік, еңбек, кәсіпкерлік);

- мемлекеттен тәуелсіз өндірушілердің жиынтығы (жеке фирмалар және т.б.);
- қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер;
- саяси партиялар мен қозғалыстар;
- тәрбиелеу мен мемлекеттік емес білім беру саласы;
- мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесі;
- отбасы;
- шіркеу және т.б.

Азаматтық қоғамды дамытудың алғышарттары меншіктің алуан түрлі нысаны кезінде азаматтарда экономикалық дербестіктің пайда болуы мен адами жеке тұлға мәртебесінің артуы болып табылады. Құқықтық мемлекет және демократия азаматтық қоғамның саяси іргетасы ретінде қызмет етеді, бұлар жеке тұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамда тұрақтылық, қауіпсіздік, әділеттілік және ынтымақтастық жағдайын құру мақсатында оны дамыту үшін қажет.

Азаматтық қоғамның экономикалық негізін, тең танылуы мен қорғалуының заңнамалық кепілдіктерімен қамтамасыз етілген, меншік нысандарының әралуандылығы мен дара меншік иелерінің егемендігі құрайды.

Азаматтық қоғам өмір сүруінің басты базалық шарттарының бірі тәуелсіз БАҚ арқылы қамтамасыз етілетін жариялылық болып табылады. Демократия жағдайында азаматтық қоғам институттары мен мемлекет ортақ жүйеде әртүрлі, бірақ өзара тәуелді бөліктер ретінде жұмыс істейді. Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасады, ал өзара іс-қимыл ымыраға қол жеткізуге бағытталады.

Демократиялық мемлекеттің азаматтары дербес бостандық құқығын пайдаланады, бірақ сонымен бір уақытта олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру жауапкершілігін бөліседі. Азаматтық қоғам демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасатын ең жоғары даму деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамдағы демократиялық рәсімдер билік қызметінің сапасын бұқаралық бағалау құқығына және қоғам мүдделері үшін билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді. Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің міндеті жаратылысы жағынан әртүрлі азаматтар мен заңды тұлғалардың бірлестіктері (партиялар, ҰЕҰ, БАҚ, одақтар, қауымдастықтар, бастамашылық топтары және басқалары) адам мен мемлекет арасындағы байланысты жүзеге асыратын және соңғысының билікті бір қолға алуына мүмкіндік бермейтін азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

Азаматтық қоғамның міндеті - жеке адам мен мемлекет арасында делдал болу. Азаматтық қоғам - онда болып жатқан процестер мен қатынастардың басты әрекет етуші тұлғасы мен субъектісі ретінде өз қажеттіліктерінің, мүдделері мен құндылықтарының барлық жүйесімен бірге адам болып табылатын қоғам.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. Мемлекеттің пайда болуы туралы қандай теорияларды білесіз? Оның қайсысы дұрыс деп санайсыз? Неге?

1 –деңгейлік сұрақ. Мемлекеттің басқа саяси ұйымдардан айырмасы қандай?

2–деңгейлік сұрақ. Мемлекет кімге қызмет етуі керек: өзіне-өзі, адамдардың тобына, бүкіл қоғамға ма? Ойыңызды дәлелдеңіз.

2–деңгейлік сұрақ. Қоғамдық өмірдің мемлекеттенуі деген не? Ол қандай жағдайда пайда болады?

3–деңгейлік сұрақ. мемлекеттің белгілері қандай? Бұл белгілерсіз мемлекет бола алама?

ОБӨЖ тапсырмалары: Мемлекеттің атқаратын қызметтерін талдаңыз

БӨЖ тапсырмалары: Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің айырмашылығын ашыңыз.

Сабақ тақырыбына сәйкес әдебиеттер және Web сайттар тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Саясаттану. -Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, Оқулық, 2020.-520 бет. Хейвуд Эндрю
2. Қазіргі заманның саяси жүйелері мен режимдері. Оқу құралы. / Д. Е. Ақболат. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2020
3. Қоғамдық саясат. Саясат, талдау және баламалар: Оқулық, /Майкл Е. Крафт, Скот Р. Фурлонг.-Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2017.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. А.Т.Асан, А.С.Балапанова, Т.А.Козырев, 2020, Монография
2. Қазақстан республикасының ішкі және сыртқы саясаты пәнінің оқу-әдістемелік кешені.Д. Е. Ақболат. Алматы, 2019
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы. Ұжымдық монография. Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Капашникова Н.П., т.б. Астана, 2014

WEB сайттар тізімі:

- 1 <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқу-әдістемелік құрал.

А.А.Иманбаева, Алматы, 2017.

2. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану. Оқулық. У.К.Абдыкалыков,
Ж.К.Симтиков, Алматы, 2018

3. <http://rmebrk.kz/> Саясаттану: Оқулық. - 2-ші бас. Г.М. Серғазина,
Р.Н. Абылқалықова - Қарағанды: Medet Group, 2019